Жақсыбайкөл негізгі мектебі

Бекітемін:
Мектеп директоры: Қ.А.С.Атығалиев

# «Ұшқыр ой»

(Дебат үйірмесі)

Жетекшісі: Т.М.Байқуатов

2023 - 2024 оқу жылы

# Түсінік хат

Қазіргі таңда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технолгиялардың үлкен қарқынмен өмірімізге ене бастауына байланысты, бүгінгі заман тұлғасының қасиет пен қабілеттерін қалыптастыруға үлкен талап қойылып отыр. Білім берудің алдына қойған мақсаты, дайын білімді оқытып қана қою емес, сонымен қатар, күрделі мәселелердің ішінен негізгіні анықтап шеше білетін, саналы, белсенді тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Оқытудағы жаңа технологиялардың бірі ретінде **пікірсайыс технологиясы** жоғары мәриебеге ие. Бұл бағдарлама Қазақстанға 1996 жылы «Сорос» қорының Карл Поппер форматы бойынша енгізілген бастапқы семинарларының арқасында келген. Қазіргі уақытта бұл технологичя елімізде өз жалғасын тауып келеді.

**Пікірсайыс дегеніміз** – берілген тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелген сөз жарыстыру, білім таластыру өнері. Пікірсайыс мұғалім мен оқушылар арасында, оқушы мен оқушы арасында, оқушылар топтарының арасында болуы мүмкін. Бұл технология оқушы мен мұғалім арасындағы авторитальді стильдегі қатынасты, ашық демократиялық стильде түрлендіруге мүмкіндік береді. Осындай стильдегі қарым-қатынас оқушы мен мұғалімнің шығармашылыққа деген әлеуетін көтереді. Пікірсайыс технологиясы білім беруде жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс технологиясын оқу үдерісіне енгізу – бүгінгі заманның талабы. Осы мәселелерді ескере отырып, бұл бағдарлама жалпы білім беретін орта мектептің 5-ші сыныбына таңдау пәні ретінде енгізіліп отыр.

Бағдарламаның басты мақсаты – оқушыларды жан-жағына сын көзбен қарап, орын алып жатқан құбылыстарға баға беруге, айналасындағы адамдармен емін-еркін қарым-қатынас орнатып, жалпы қоғам өміріне белсенді араласуға тарту болып табылады. Бағдарлама мазмұнын жетік меңгеріп, қойылған мақсатқа жету үшін, практикалық сабақтарда жаттығуларды іске асыру қажет болғандықтан, оған арнайы сағаттар бөлінді.

Жалпы алғанда, бағдарлама кіріспе бөлім, теориялық бөлім, тәжірибелік бөлім және қорытынды бөлімді қамтиды.

## Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

**Оқу курсының мақсаты** – сын тұрғысынан ойлау деңгейі дамыған, мәселені жан-жақты талдай білетін, шығармашылық әлеуеті жоғары, логикалық ой - өрісі терең, сөйлеу мәнері қалыптасқан қоғамның белсенді мүшесін тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- оқушыларға пікірсайыс мәдениетін үйрету
- пікірсайыстың теориялық негіздерімен таныстыру
- сыни ойлау көзқарастарын қалыптастыру
- логикалық ой – өрісін жетілдіру
- функционалдық сауаттылығын арттыру
- сөз мәдениетіне қатысты терең теориялық білім беру
- оқу, сөйлеу, жазу шеберлігін шыңдау
- шығармашылық ізденістерге жетелеу

**Күтілетін нәтиже:**

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады
- Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

## Оқу курсының меңгеру деңгейінің талаптары

Бағдарлама материалдарын үйрене отырып, оқушылар төмендегідей білім-білік дағдыларын меңгереді:

- интеллектуалдық қабілеттері дамиды;
- коммуникативтік дағдылары қалыптасады;
- сөз мағынасындағы әсерлілікті, сезімді көркемдеп жеткізеді;
- шығармашылық деңгейде жұмыс жасай алады;
- мәселенің жан-жақты қырларын ашаалады;
- сын тұрғысынан ойлауды үйренеді;
- логикалық ой-өрісі дамиды;
- ойлау қабілеттері дамиды;
- оқу, сөйлеу, жазу сияқты жеке тұлғалық ресурстары дамиды;

## Оқу курсының мазмұны

### I тарау. Кіріспе

Пікірсайыс және біз. Пікірсайыс туралы мәлімет. Пікірсайыстың біз үшін қажеттілігі. Пікірсайыс тарихы. Пікірсайыс технологиясының бүгінгі таңда өзектілігі. Пікірсайыс жүргізудің принциптері. Пікірсайыстың мақсаты мен міндеттері.

### II тарау. Ойын ретіндегі пікірсайыс.

Пікірсайыс жүргізуге қажетті дағдылар. Пікірсайыстың интеллектуалдық ойын ретіндегі рөлі. Пікірсайыс ойынының негізгі элементтері. Пікірсайыс ойынының маңыздылығы. Жақтаушы спикерлердің міндеттері. Жақтаушы кейсін жасау. Даттаушы спикерлердің міндеттері. Даттаушы кейсін жасау.

### III тарау. Шешім және оның түрлері.

Шешім және шешімді анықтау. Шешімнің пікірсайыс тақырыбы бола алатындығы. Шешімнің альтернативті болуы. Шешімнің түрлері және шешімді талдау. Ми шабуылы «Шешім құрастыру»

### IY тарау. Аргументтер және оларды құрастыру

Аргумент құрастырудың жолы. Аргументтердің үлгілері. Ақпарат жинақтау және зерттеулер. Аргументтерге дәлел келтіруде фактілер мен деректердің маңыздылығы. Аргументтердің критерийлермен байланыстылығы.

### Y тарау. Аргументтерді дәлелдеу.

Дәлел және дәлелдеудің құрылымы. Аргументтер үшін дәлел іздеуді бірлесіп жүзеге асыру. Дәлелдеудің түрлері. Қайнар көз әдебиетке қатысты мәселелер. Аргументтердің мазмұнын тексеру әдістері. Дәлелдеу этикасы. Цитаталарды келтіру ережелері.

### YI тарау. Критерийлер құрастыру.

Критерийді үлгі құрастыру. Критерий негіз ретінде құрастыру. Критерийді мақсат ретінде құрастыру. Критерий қандай болуы тиіс? Критерий мен аргументтер құрастырудың ми шабуылы арқылы іске асыралатындығы.

## YII тарау Төрешінің міндеттері

Төреші қандай болу керек? Төреші және уақыт. Төрешінің міндеттері. Спикерлердің уақытын қадағалау. Төреші парағын жүргізу және толтыру. Спикерлердің ұпайларын анықтау. Пікірталасшылардың сұрақтары және төреші.

## Жаттығу сабақтары

Ойын сабақтарын өткізу. Сабақтан тыс іс-шаралар өткізу. Үйірмелерге қатысу. Пікірталас клубының байқауына қатысу. Шығармашылық ізденістерін жетілдіру. Әдебиеттермен жұмыс жүргізу т.б.

## «Ұшқыр ой» дебат клубы – тақырыптық жоспары

(Барлығы 144 сағат, аптасына 4 сағат)

II топ

| № | Ауыспалы сабақтардың тақырыбы | Сабақтың мақсаты | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **I тарау. Кіріспе** | | |
| 1 | Пікірсайыс және біз | Оқушылардың шығармашылық деңгейін арттыру мақсатындағы пікірсайыс ойыны маңызы; | 2 | 4.09-5 |
| 2 | Пікірсайыс тарихы | Пікірсайыс технологиясының тарихына түсініктеме беру; | 3 | 6-8-11 |
| 3 | Пікірсайыс жүргізушінің принциптері | Ойын барысындағы жүргізушінің командаларды таныстыру принциптеріне сипаттама беру; | 3 | 12-13-15 |
| 4 | Дебат форматы | Ойын барысында ең тиімді білім беру форматын түсіндіру | 3 | 18-19-20 |
| 5 | Жақтаушы даттаушы жақ | Екі жақтың әрбір раундта көрсететін шеберліктері | 2 | 22-25 |
| 6 | Дебат форматы | Дебатшыларға ең тиімді білім алу дебат форматы | 3 | 26-27-29 |
| 7 | АПФ фороматы туралы түсінік | АРФ форматы туралы толық түсінік беру | 2 | 2-3 |
| 8 | Дебат деген не? | Оқушыларға аратырлық, сөз шеберлігінің дамуының негізі ролы дебатта екенін түсіндіру, айту | 2 | 4-6 |
| 9 | Аргумент дегеніміз не? Аргумент туралы түсінік | Шеберлік пен тапқырлыққа жаттықтыру | 3 | 9-10-11 |
| 10 | Делелдер. Дәлелдер туралы түсінік | | 2 | 13-16 |
| 11 | Дебат мәдениеті | Оқушыларға ойын барысында, қарсыластардың жеке басына тиіспеуге, тек дәлел арқыды пәкір –ой ату керектігін түсіндіру | 2 | 17-18 |
| | | **II тарау. Ойын ретіндегі пікірталас** | | |
| 12 | Пікірсайыс жүргізуге қажетті дағдылар | Пікірсайыс ойнаушы спикерлердің бойында болуға қажетті дағдыларды анықтау; | 3 | 20-23-24 |
| 13 | Спикерлер дегеніміз кімдер? | | 2 | 25-27 |
| 14 | Пікірсайыс ойынының негізгі | Пікірсайыс ойынының негізгі ережелері мен | 3 | 1.11-3-6 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Жақтаушы спикерлердің мақсаттары | Даттаушы немесе Оппозиция фракциясы спикерлерінің негізгі мақсаттарын анықтау; | 2 | 13-14 |
| 17 | Даттаушы спикерлердің міндеттері | Даттаушы немесе Үкімет фракциясы спикерлерінің негізгі міндеттерін анықтау | 2 | 15-17 |
| 18 | Даттаушы спикерлердің мақсаттары | Жеңіл қарарлармен ойын тәжірибесін жинақтау; | 2 | 20-21 |
| 19 | Ой пікір алмасу | Оқушылармен өткен сабақтар туралы ой-пікір алмасу | 3 | 22-24-27 |
| 20 | Спикерлердің ойындағы уақыты | Сайыс барысындағы спикерлердің уақытты ұтымды пайдалануын үйрету | 2 | 28-29 |
| 21 | Жаттығу сабағы | Жаңа бастаушы спикерлерге арналған жеңіл қарарлармен ойын тәжірибесін жинақтау; | 3 | 1.12-4-5 |
| | **ІІІ тарау. Шешім және оның түрлері** | | | |
| 22 | Шешім және шешімді анықтау | Берілген қарар бойынша тұжырым жасап, шешім құрастыруды анықтау; | 3 | **6-8-11** |
| 23 | Шешімнің түрлері және шешімді талдау | Таңдалған фракция бойынша шешім түрін анықтау; | 4 | **12-13-15-18** |
| 24 | Ми шабуылы «Шешім құрастыру» | Оқушыларға жеңіл қарар беріп, сол бойынша шешім құрастырып үйрету; | 3 | **19-20-22** |
| 25 | **ІҮ тарау. Аргументтер және оларды құрастыру** | | | |
| 26 | Аргумент құрастырудың жолдары | Фракцияларға өз кейстерін негіздеуді қолдайтын 3-4 аргумент (дәйек) қолдануды үйрету; | 3 | **25-26-27** |
| 27 | Аргумент құрастырудың үлгілері | Аргументтердің қарапайым болуына және оларға сілтеме жасауға оңай болуын қадағалау; | 3 | **29-1.01.-2** |
| 28 | Ақпарат жинақтау және зерттеулер | Берілген қарарға байланысты ойын барысында пайдаланатын ақпарат көздерін жинақтауға үйрету; | 4 | **3-5-8-9** |
| 29 | Жаттығу сабағы: «Шешімге сай аргумент құрастыру | Берілген қарадың шешімін негіздейтін аргумент құрастырып дағдыландыру; | 3 | **10-12-15** |
| | **Ү тарау. Аргументтерді дәлелдеу** | | | |
| 30 | Дәлел және дәлелдеудің құрылымы | Ойында қолданылатын аргументерді дәлелдеудің құрылымымен таныстыру; | 3 | **16-17-19** |
| 31 | Дәлелдеудің түрлері | Дәлелдеуге қажетті ақпараттардың қайнар көздерін пайдалануға үйрету; | 3 | **22-23-24** |
| 32 | Қайнар көз – әдебиетке қатысты мәселелер | Дәлелдеуді келтіргенде ақпараттың қайдан алынғандыығ туралы қайнар көзге сілтеме жасату; | 4 | **26-29-30-31** |
| 33 | Аргументтердің мазмұнын | Қарсы фракцияның дәлелінің шынайылығына көз | 4 | **2.02-5-6-7** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тексеру әдістері | жеткізу тәсілдерін меңгерту; | | |
| 34 | Дәлел этикасы | Пайдаланатын дәлел фактілерін, қарсы фракция спикерлеріне ұсынуға қалыптастыру; | 3 | **9-12-13** |
| 35 | Цитаталарды келтіру ережелері | Ұлы тұлғалардың цитаталарын тақырыпты ашуға ұтымда пайдалануға үйрету; | 4 | **14-16-19-20** |
| | **ҮІ тарау. Критерийлерді құрастыру.** | | | |
| 36 | Критерийді үлгі ретінде құрастыру | Өз фракцияңның кейсін дұрыстығын дәлелдейтін критерийлер үлгісін құрастыру; | 4 | 21-23-26-27 |
| 37 | Критерийді негіз ретінде құрастыру | Құндылықты дәлелдеу үшін критерийді дұрыс табуға дағдыландыру; | 4 | 28-1.03-4-5 |
| 38 | Критерийді мақсат ретінде құрастыру | Критерийді құндылыққа сәйкес салаларға бөліп құрастыруды анықтау; | 3 | 6-8-11 |
| 39 | Критерий қандай болуы тиіс? | Критерий құндылықты дәлелдеп шыға алатындай таңдалуы қажеттігін үйрету; | 3 | 12-13-15 |
| 40 | Жаттығу сабағы: «Шешімге сай критерий құрастыру | Берілген қарардың құндылығын дәлелдейтін критерийлер құрастыруға дағдыландыру; | 4 | 18-19-20-22 |
| | **ҮІІ тарау. Төрешінің міндеттері** | | | |
| 41 | Төреші қандай болу керек? | Төреші раундтың жалғыз және өкілетті арбитрі, оның шешімі талқыланбастан қабылданады. | 4 | 25-26-27-29 |
| 42 | Төреші парағын жүргізу және толтыру | Төрешінің шешімі, ұпайлары мен әртүрлі ойлары турнирдің соңында алынатын бэллотта жазылады. | 4 | 1.04-2-3-5 |
| 43 | Төрешінің міндеттері | Төреші жеңісті ойында ең жақсыпікірсайыстырған, презентация мен дәйектері сенімді шықты деп тапқан топқа береді. | 3 | 8-9-10 |
| 44 | Спикерлердің ұпайларын анықтау | Ойын барысында ұпай үйлестірудің стандартты шкаласы анықталып ойыншыларға көрсетіледі; | 3 | 12-15-16 |
| 45 | Пікірсайысшылардың сұрақтары және төреші | Ойын барысында пікірсайысшылар қарсы фракцияға қоятын сұрақтарын түсіндіру; | 4 | 17-19-22-23 |
| 46 | Жаттығу сабағы | Карл Поппер форматында ойын қарарын ұсынып, спикерлерді дайындау; | 4 | 24-26-29-30 |
| 47 | Жаттығу сабағы | АПФ форматында ойын қарарын ұсынып, спикерлерді дайындау; | 4 | 3.05-6-8-10 |
| 48 | Қорытынды | Пікірсайыс спикерлерінің курс барысында үйренгенін пысықтау; | 5 | 13-14-15-17-20 |